

ЕГЕМЕН

Азатстан



№176 (28654)
15 ҚЫРКҮЙЕК
СЕЙСЕНБІ
2015 ЖЫЛ

Жалпыұлттық республикалық газет • 1919 жылғы 17 желтоқсанныан шыға бастады • www.egemen.kz

ISSN 1991-4720



771999 872005

Қазақ хандығы – Алтын Орданың заңды мұрагері

Иә, дәл солай! Біздің, яғни, ісі қазақ ұлтының мүддесін қорғайтын, мысын асқақтататын, тәуелсіздігінің мәңгілік кепілі болатын, тарихи тұғырын мығым бекіткен ұлы тұжырым осы! Кеше ғана Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуы қарсаңында: «Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуына орай аталып жатқан мемлекеттік шара – киелі шара. Бұл – қазақ ұлтының ұлттық санасын ұйытатын ұлы мүмкіндік. Өлмисақтан бергі мұқым көшпелілердің әлемі мен кеңістігін қамтитын ұлы көшпелілер өркениетінің мысы мен бәсі екшелетін тұс. «Алтын Орда» империясының заңды мұрагері – Қазақ хандығы бар екендігін дүние тарихына мойындататын аса жауапты әрі ең мүдделі, ең шағымды кезең. Біздің мемлекетіміз болды ма, жоқ па – деген күдік тудыратындардың дәмесін мәңгі өшіріп тынатын, керісінше өзіміздің рухымызды асқақтата көтеріп, солардың мысын иығынан басатын деңгейге көтерілетін шақ осы. Біз бүгін қазақ мемлекетінің айбыны мен тарихын қалай ұлықтай аламыз, халықаралық қауымдастыққа қандай тұжырым жасата аламыз, міне, ұлтымыздың бүгіні ғана емес, ертеңі де осыған тікелей байланысты. «Жошы ұлысының заңды бір тұтқасы», «Алтын Орданың» мұрагері және сол территорияны



сақтап қалған бүгінгі бірден-бір тәуелсіз мемлекет ретінде көрінеді және көрінуі тиіс! Солай болуы заңды да. Сонда ғана мақсатқа жетеміз. Айбынымыз бен мысымыз да асқақтайды. Ешкім: «Қазақ мемлекет те, шекара да болған емес деп басынбайды» – деп аға басылым «Егемен Қазақстаннан» бастап аймақтық ақпарат құралдарына дейін көтерілген аңсарлы тұжырым енді мемлекеттік ұстанымға айналды.

Астананың Тәуелсіздік сарайында Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуына байланысты 11 қыркүйек күні өткен салтанатты рәсімде Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Түркі тектес мемлекеттердің аса мәртебелі басшылары қатысып отырған биік мінбеден ресми түрде: «Қазақ хандығы бұдан бес жарым ғасыр бұрын ғана шанырақ көтерсе де, Еуразияның ұлы даласында

орнаған арғы дәуірдегі сақ, ғұн, үйсін мемлекеттерінің, бергі замандағы Ұлы түрік қағандығы, Дешті Қыпшақ пен Алтын Орда мемлекеттерінің заңды мұрагері болды» – деп тұжырымды түрде нық сеніммен мәлімдеді.

Бұл – сонау әлмисақтан бергі көшпелілер тарихын саралай отырып жасалған, қазақ ұлтының адамзат тарихындағы орнын анықтап, тұрақтандырып, келешегіне толық кепілдік беретін киелі де мысы басым баға!

Сүйінішті ұстанымға ризалығымызды ірке алмай, шарықтап та кеткен шығармыз. Бірақ, шындығын айтайын, бұл біздің тәуелсіздік алғаннан бергі ең тұжырымды, ең маңызды, тарихымызды «Мәңгілік Ел» ұстанымымен ұштастырып берген аңсарлы тұжырым!

Осы орайдағы Қазақ хандығы туралы пікірімізді қайталай тәпсірлесек, ешкім енді: «Қазақ мемлекет те, шекара да болған емес» деп басынбайды. Керісінше, дүние тарихшылары: Қазақ хандығы – Алтын Орданың заңды мұрагері, ал Алтын Орда – Жошы ұлысының жалғасы, Жошы ұлысы – Шыңғыс хан қағанатының заңды мұрагері, деген қорытындыға еріксіз келеді. Сол арқылы осы аталған ұлыстардан құралған Қазақ хандығының тарихына бет бұрады, олардың ғылыми ойы

біздің тарихымызға қызмет етеді. Сөйтіп, Алтын Орданың заңды мұрагері кім еді деген сұрақтарға солардың өздері жауап беретін болады.

Мұндай қорытындыға ең бірінші Ресей ғалымдарының өздері келетініне сенімім кәміл. Өйткені, тарихи жәдігерлер мен жазбаларды зерделеген оқымыстылардың алғашқы легі де солар. Оған ерлі-зайыпты Ресей тарихшылары Р.Ю.Почекаев пен И.Н.Почекаеваның ««С ликвидации Касимовского ханства из всех джучидских государств, возникших после распада Золотой Орды, продолжало существовать лишь Казахское ханство» (түпнұсқаны әдейі аудармай беріп отырмыз – авт.), – деген пікірі дәлел. Ретіне қарай айта кетейін, осындай пікірді ұстанған ерлі-зайыпты Почекаевтарды Тараздағы салтанатқа шақырып, бұл пікірді солардың өз аузынан қалың қазақ қауымына, шеттен келетін мәртебелі меймандарға естіртсек, құба-құп, тіпті, жарасымды әрі пайымды да пайдалы болар еді.

Бұл тұжырымды сол салтанатқа қатысып отырған түркі мемлекеттерінің президенттері мен кеңес төрағалары және ресми өкілдері қол шапалақтап қосады. Демек, олар да Президент Н.Ә.Назарбаев тиянақтаған бұл тұжырымды мойындайды әрі

қостайды деген сөз. Бұл сол «Алтын Орданың» кеңістігінде дәрегейі ұйыған және тарихы тікелей содан тамыр тартатын татар (олардың тарихшылары өздерін «Қазан хандығын – Алтын Орданың орнындағы мұрагері» ретінде он бес жылдан бері ресми зерттеулер жариялап келеді), ноғай (бұрынғы Ноғай хандығы), башқұрт (Көшім және Қазан хандығы), қарақалпақ (Үргеніш), Ақ Орда (Боз орда), Көк Орданы құраған өзбек (Әбілқайыр және Көшім хандығының дәрегейіндегі), қазақ, Алтын Орданың ықпалындағы Моғолстанның, яғни, Шығыс Түркістанның дәрегейіндегі өзбек, қазақ, қырғыз, ұйғыр бауырлардың ынтымағын қосуға және ықпалдаса саясат жүргізуге де ұйытқы болады.

550 жылдықты атап өтуге арналған рәсімнің барлығы да осы ұстаныммен, осы рухпен өтуі шарт. Мұндай мүмкіндікті ешқашанда мәтқапы жіберуге және екпінін бәсеңсітуге болмайды. Барлық деңгейдегі оқу орындарындағы Қазақстан тарихы пәнінің түпкі концепциясы мен бағдарламасы осы тұжырымнан туындауы тиіс.

Иә, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев тұжырымдап бергеніндей, біз, біздің мемлекетіміз, яғни, «Қазақ хандығы – Алтын Орданың заңды мұрагері». Осы тұжырым арқылы ойымыз орнықты. Енді оны ешкім және ешқашан бұза алмайды!

Тұрсын ЖҰРТБАЙ,
филология ғылымдарының
докторы, профессор.

АСТАНА.